

Мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы “Mir”
№1 қамқоршылық кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: «08» қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: музыкалық зал

Қатысқандар саны: 10 педагог

Төраға: Жиенбаева М.Б

Хатшы: Рахатова А.Б.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2. МДҰ тәрбиеленушілердің, ата-аналардың (занды өкілдердің) құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру.
3. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жиенбаева Мирамкуль Байдашовна 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда балабақша қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, тәрбиеленушілердің құқықтарын қорғау, ата-аналармен өзара байланыс орнату, білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайтуға жәрдемдесу және қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету бағытындағы іс-шаралар қамтылғаны айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жоспардағы іс-шаралардың орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.
3. Қамқоршылық кеңестің жұмысы ашық және жүйелі түрде жүргізілсін.

Дауыс беру нәтижесі:

Қолдады – 9

Қарсы – жоқ

Қалыс қалды – жоқ

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес мүшелері балабақша тәрбиеленушілерінің, ата-аналардың және заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылау мәселесін қарастырды. Балалардың кемсітусіз білім алу

құқығы, ата-аналардың ақпарат алу мүмкіндігі, ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы және ашықтық қағидаттары талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Тәрбиеленушілердің, ата-аналардың және заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуы қатаң бақылауға алынсын.
2. Балабақшада ашықтық, әділдік және теңдік қағидаттары қамтамасыз етілсін.
3. Құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4. Кеңес мүшелері бұл бағыттағы жұмыстарды тұрақты бақылауға алсын.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Едигина Жадыра Ондасновна тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылатын жұмыстарды таныстырды. Оған ғимарат пен ойын алаңдарының қауіпсіздігін бақылау, кіріп-шығу тәртібін күшейту, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары және балалардың серуен кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары енгізілгені айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары күшейтілсін.
2. Ойын алаңдары мен ғимараттың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрақты тексерілсін.
3. Кіру-шығу тәртібі қатаң бақылауға алынсын.
4. Ата-аналарға қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Дауыс беру нәтижесі:

Қолдады – 9

Қарсы – жоқ

Қалыс қалды – жоқ

ШЕШІМ:

Барлық мәселелер бойынша шешімдер бірауыздан қабылданды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:

Балабақша меңгерушісі:



Масенбаева М.Б.

Едигина Ж.О.